Физика жаратылыстану ғылымының негізі болғандықтан оқушылар сабақ барысында қоршаған ортаның физикалық құбылыстары мен заңдылықтарын зерделейді, зерттеу жұмыстарын жүргізеді, осының нәтижесінде оқушы бойында ғылыми дүниетаным негіздері қалыптасумен қатар олардың пәнге деген қызығушылығы да артады. Бұдан оқушы өзінің оқуы жөнінде ақпарат жинайды, талдайды және өзінің жетістікке жетуі, дамуы жәйлі қорытынды шығарады.

Сабақтарда физикалық білім мазмұнын меңгертуде, оқушылардың қызығушылығын арттыруда бұл бағдарламаның берері шексіз. Осыдан болашақ ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігі артады, олар сыни ойлап, сұрыптау, талдау жасай алатын, шығармашылықпен, өз алдына жұмыс жасауға бейімделетін болады. Мұғалімнің білім берудегі әдістерді өзгертуі заман талабына сай жаңа бастама, бұл сыныптағы оқу үдерісін сапалық жағынан арттыруға негіз саналады. «Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр» деген Елбасы Н.Назарбаевтың сөзі орынды айтылған. Жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, олардың бойына жоғарғы дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз ететін, өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білімдерін дұрыс қолдана алатын ұстаздар қауымына сапалы білім беру үшін талмай еңбек ету парызы жүктелген [9].

Күрделі мәселерді орынды қою, сұрақтар, тапсырмалар, міндеттерді шешу – бұлардың барлығы сынып жұмысында үлкен орын алады. Бұған мына сұрақтарға жауап іздестіру көмектеседі: талқыланатын сұрақ шынымен ғылыми мәселе ме (ол практикалық шешіле салмай ма)? Ол шынымен кейбір шынайы жағдай немесе жеке тәжірибе шеңберінде туындай ма?...

Тьюторлық оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі тьюторлық қызметтің нәтижесі: білім беру кезеңдерін зерттеуге көмектесетін, өзін - өзі бағалау құралы болып табылатын, жан-жақты жасақталған «Портфолио» папкасы. Тьюторлық қолдаудің әрбір 4 кезеңіне сәйкес өзіндік ерекшеленетін әртүрлі портфолиоар жасақталады.

1. Диагностикалық-мотивациялық кезеңдегі портфолио мазмұны тьюторанттың өзі қызығушылық танытқан тақырып аясындағы оның бастапқы білімінің көлемін анықтайтын сауалнама, еркін сұраунама, тест нәтижелерінен тұрады.

2. Жобалау кезеңіндегі портфолио белгіленген танымдық қызығушылыққа қатысты жинақталған ақпараттарды қамтиды. Тақырыптық портфолиоға жинақталған: аталмыш мәселенің тарихы мен теориясына байланысты материалдар; физикадан авторлық жұмыстардың түпнұсқасы немесе көшірмесі; білімдік ресурстар мен болжамды ақпараттық дереккөздердің тізімі; қызықтырған салаға қатысты бұрын оқылған және таныс материалдарға рецензиялар; суреттер мен бейнелеулер; жасақталған «танымдық қызығушылық картасы», даярланған жоспарлар, графиктер, сұлбелер; ойластырылып жүрген білімдік экспедиция маршруттары; тьюторанттың пікірінше болашақ жобаны, зерттеуді, шығармашылық жұмыстарды, білімдік экспедицияны ұйымдастырып өткізуге қажетті құрал-жабдықтар тізімі; тьютор қажет деп санаған кез келген басқа материалдар қысқаша жазбаша негізделіп берілген.

3. Жүзеге асыру кезеңіндегі портфолио ізденіс (жоба, зерттеу) үдерісінде алынған нәтижелер туралы мәліметті дәлелдейтін аса мәнді ақпараттар жиынтығынан тұрады. Тұсаукесерлік портфолиоға салынатындар: тақырыптық портфолиодан сұрыпталып алынған материалдар; статистикалық мәліметтер; жұмыста қолданылған кесте, сұлбе, графиктер; оқушының сұрыптап алған материалдарының негізделуі мен талдауы; тьюторанттың өзі атқарған жұмыстарға жасаған рефлексивтік қорытындысы мен алда жасалатын ізденістердің бағыты; «ерекшелік белгілері» – қандай да бір тақырыпты зерделеуден алынған нәтижелердің әлеуметтік мәнділігін



айқындайтын құжаттар; мадақтама, газет қиындылары, репортаждар; тьютор мен тьюторант бірлесе айқындаған, осы тақырыпқа қызығушылық танытушы рецензенттердің (педагогтардың, ата-аналардың, құрбылар мен сыныптастардың) жазбаша пікірлері.

4. Талдау (рефлексивтік) кезеңіндегі портфолиоға қол жеткізілген нәтижелер, жетістіктер салынып, оқушының таңдап алынған салаға қатысты танымдық қызығушылығының даму прогресі бағаланады. Онда сондай-ақ осы саланың маманы саналатын сыртқы сарапшының пікірі; үлгерім журналының, рейтингілік бағалау экранының көшірмесі; тьютордың қолдау хаты; жұмысты бағалауы және болашақта одан әрі дамытуға таңдалынып алынған бағыттың сипатталуы; тьюторанттың өзінің түйіндемесі: оның ойынша осы жұмыста қол жеткізген нәтиженің ең сүбелісін қысқаша баяндауы болуға тиісті [10].

Тьюторлық қолдау кезінде оқушылар өздерінің физикалық білімдерін шындауға зор мүмкіндіктер алады. Нәтижесінде күрделі мәселе ретінде қойылған сұрақтар бізге оқытуда қолданылған әдістердің қаншалықты дәрежеде ойлау дағдыларын қалыптастыратындығын, тұлғаның жеке ерекшелігін ескере дамыту үшін бейімделгендігін, яғни тиімділігі туралы зерделеуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Усова А.В., Завьялов В.В. Воспитание учащихся в процессе обучения физике, – М., 1984. –143 с.
2. Ақитай Б.Е. «Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі». – Алматы, 2006.
3. Ковалева Т. М. Современное качество образования и принцип индивидуализации: [методика тьюторского сопровождения] / Т. М. Ковалева // Завуч: управление современной школой. –2012.–№ 1.– С.68-72.
4. Жумадиллаев К.Н. «Физикалық тәжірибелерді виртуальды компьютерлік модельдеу».– Алматы, 2002.
5. Пьянин, В. С. Создание тьютором образовательного маршрута учащихся / В. С. Пьянин // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Педагогика.–2010.–№ 1.–С. 220-222.
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері.–Алматы, 2013.
7. Шалимова, Н. А. Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения учащихся в условиях старшей школы – Электронный ресурс: <http://www.science-education.ru/pdf/2011/6/273.pdf>.
8. Нұржанова Ж. Ұстаздың шеберлікке жету жолдары.– Алматы, 1991.
9. Оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру. Әдістемелік көмекші құрал.–Қызылорда, 2012.
10. Сидоренко, И. В. Проектирование условий и этапов реализации тьюторского сопровождения учащихся в учреждении общего образования / И. В. Сидоренко // Сибирский педагогический журнал.–2012.– №3.–С.217–221.

О.Т.НАЙЗАБЕК, А.К.ОРАЗБАЕВА

ТЪЮТОРСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО ФИЗИКЕ

В статье рассмотрены проблемы развития познавательных способностей обучающихся и пути совершенствования физического образования. Указана эффективность разработки индивидуальных личностно-ориентированных программ и реализации их через организации сетевого сообщества. Определены виды тьюторской деятельности, обозначены цели и задачи тьютора. Анализированы диагностико-мотивационные, проектировочные, реализационные и аналитические этапы тьюторского сопровождения, составлен перечень материалов портфолио.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: физическое образование обучающихся, развитие познавательных способностей, сетевое сообщество, цели и задачи тьютора, этапы тьюторского сопровождения, портфолио.

O.T.NAISABEK, A.K.ORASBAEVA

TUTOR ACCOMPANIMENT OF DEVELOPING COGNITIVE FLAIRS OF STUDENT SOFTWARES TO PHYSICS

The problems of developing cognitive flairs of student and way of perfection of physical education are considered in the article. Indicated efficiency of individual personality-oriented program and his realization development through organizations of network association. The types of tutor activity are certain, aims and tasks of tutor mark. An analysis is done diagnostics-motivation, design, realization and analytical stages of тьюторского accompaniment, is made list of materials of portfolio.

KEYWORDS: physical formation of student, developing cognitive flairs, network association, aims and tasks of tutor, stages of tutor accompaniment, portfolio.



ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН JAҢARTY JAҒДАЙЫНДА ТІЛ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ

Мақалада білім беру мазмұнын жаңарту қағидаттарын іске асыру арқылы мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін жетілдіру жолдары қарастырылған. Тиімді оқытудың үш құраушысы: оқу бағдарламасы, оқыту тәсілдері және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау арасындағы өзара байланысқа назар аударылған. Автор жекелей қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту сұрақтарына көңіл бөлген. Сонымен бірге, әртүрлі іс-әрекет формалары арқылы мұғалімдердің кәсіби өсуін дамытудың жолдарын ұсынады.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: оқу бағдарламасы, функционалдық сауаттылық, құзыреттілік тәсіл, кәсіби даму, оқыту әдістемесі

Қазіргі ғаламдану заманында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, индустрияның қарыштап өсуі, дамудың жаңа дәуірінде ұлттық мәдени-тарихи, рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген азаматтарға қоғамның сұранысының өсуі мектептерде жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, білім жетістіктерін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру қажеттілігі туындап отыр.

2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жариялаған Жолдауында «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Білім беру бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деп атап көрсеткен болатын. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап дамуына байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай білім берудің парадигмасы да өзгеруде. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі үйлесімді қолдану мен технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр [1; 7].

Білім беру сапасын арттыру барлық әлем қауымдастағы үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Еліміздің білім саласында оның сапасын арттыруға және оқу мен оқытуды жан-жақты жетілдіру бағытында көптеген бастамалар орын алды. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында орта білім берудің мазмұнын жаңарту міндеті белгіленген болатын [2; 4].

Орта білім беру мазмұнын жаңарту не себептен туындады? Осы сұрақтың жауабын TIMSS және PISA зерттеулері нәтижесінде алынған деректер жауап береді деген ойдамыз. Оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын игеру және қолдану мүмкіндіктерін, мәселен, математикалық білімін тәжірибеде қолдану және математикалық ойлауын дамыту

немесе оқылым барысында мәтінді талдау және бағалау сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету экономикалық дамуы озық елдермен салыстырғанда әлсіз болып танылды. Орта мектепке арналған оқу бағдарламасының ғылыми сипаты басым және тым ауқымды болуы тиімді оқытудағы негізгі кедергі болып табылады. Осы себептен жаңартылған оқу бағдарламалары оқушының бұрынғы өзінің оқу тәжірибесіне бағыттала жазылуда. Осы жерде ұлтымыздың ағартушысы Ж.Аймауытұлы «Жұмыстау негізіне баланың бұрынғы өз тәжірибесі перне қоры, мағлұматы салынып, дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталғаны абзал» деген ой-пікірінің ескерілгенін байқауға болады.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Оқушылар табысты оқу үшін мұғалімдер білім беру бағдарламасы, оқыту тәсілдері мен бағалау жүйесін өзара үйлестіруді іске асыруы маңызды.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мұғалімдер оқу мен оқытуға ұстанымдарын, көзқарастарын қалай өзгерте алады? Бұл өзгеріске мұғалімдер қауымы дайын ба? ХХІ ғасыр – білекке емес, білімге, күшке емес, еп-дағдыға тоқтаған заман. Сондықтан, «21 ғасырда нені оқыту керек?» және «21 ғасыр оқушысын мұғалім қалай оқытады?» дегенге жауап іздеуіміз қажет. Осындай өзекті мәселелерді қарастыра отырып, мұғалімдердің оқу мен оқытуында келесі қиындықтар айқындалды:

- мұғалімдердің кәсіби дамуында өзіндік оқуға, жетілдіруге дайындықсыздығы;
- сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының қалыптаспауы;
- оқу мен оқыту үдерісінің оқушы тұлғасына бағытталмауы;
- оқу мен оқыту үдерісін жоспарлауда педагогикалық білімнің жеткіліксіздігі.

Осы аталған қиындықтарды еңсеруде, білім беру мазмұнын жаңарту аясында өткізілген курстар мұғалімнің кәсіби дамуына ықпал етері анық. Мұнда жаңа оқу бағдарламалары құзыреттілік тәсілге негізделеді. Тұлғаны табысты әлеуметтендіру үшін қажетті функционалдық сауаттылық негізінде құрылған құзыреттіліктерді қалыптастыру керек. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыдан ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – барлық Қазақстан азаматтарын біріктіретін негізгі фактор. Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы мемлекет тіл. Мемлекеттік тілді құрметтеу және өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынасты нығайту – Қазақстандағы ұлтаралық келісім кепілі.

Қазіргі таңда орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру және кәсіби даму мүмкіндіктерінің аясы кеңеюде. Біліктілік арттыру курстарында отандық және шетелдік ең озық үлгідегі ғылыми-теориялық бағдарламалар педагогтар тарапынан туындайтын кешенді проблемаларды көтеріп, жалпы орта білім беретін мектептердегі педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігі мен зияткерлік әлеуетін дамытуға және критериялды бағалау жүйесін енгізуде педагогикалық шеберлікті жетілдіруге бағытталады.

Келесі кезеңде мұғалімдер білім беру бағдарламасының нақты пәндік аспектілерін меңгеруге кіріседі. Мұғалімдер білім беру бағдарламасына негіз болған теориямен танысып қана қоймай, бұл теорияны тәжірибе жүзінде іске асыруды қамтамасыз ететін практикалық сабақтың топтамасына белсенді дайындалады.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы кезінде олар оқу бағдарламасын және сабақ жоспарын талдай отырып, қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесімен танысады. Курс соңында мұғалімдер өзара рефлексия және метатану тапсырмаларын қосарластыра отырып,



біліктілікті арттыру курсының оқу мақсаттары тұрғысынан өздерінің алға ілгерілеуін талдайды. Курс барысындағы мұғалімдердің өздері дайындайтын ықшамсабақтары өздерінің оқыту тәжірибесіне «эксперимент» жасау болмақ, ол рефлексия және талқылау кезеңдерімен ұласады. Пәннің ерекшеліктері қарастырылатын сабақтар кезінде жаңа теорияның «абстрактілі ұғынуы» ұсынылып, ол ықшамсабақтардың келесі сатысында іс жүзінде қолданылады.

Қазақстандық білім беруді модернизациялау міндеттері, оның ішінде білім беру сапасын арттыруда тұлғаның талап-тілегін, сонымен бірге қауымдастық сұранысын ескеріп, құзыреттілік тәсілді іске асыру қажеттілігі айқындалады. Бүгінде тек белгіленген білімді ғана меңгеріп қою ғана емес, өзіндік даму, өзіндік іске асыру, болашақта жетілдіру де тұлғаға бағытталуы шарт. Қазіргі кезеңде білімділік деңгейі өзінің мақсаттылығын жоғалта бастады. Білім беру парадигмасы: жалпыланған білімнен құзыреттілікке ауысу арқылы тәжірибелік-бағытталған оқытуға көшу қажеттілігі туындауда, ал құзыреттілік тәсілмен негізгі және басқа да құзыреттіліктер жиынтығын қалыптастыру көзделеді. Табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет. Сондықтан оқушылар ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді қолдану «XXI ғасыр дағдылары» деп қарастырылатын кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Сондықтан жаңартылған оқу бағдарламалары құзыреттілік тәсілге негізделген. Ұстаз тұлғаны табысты әлеуметтендіру үшін қажетті функционалдық сауаттылық негізінде құрылған құзыреттіліктерді қалыптастырады. Әлемдік педагогикадағы танымал Б. Блумның оқу мақсаттары таксономиясы бойынша қазіргі стандарт оқушылардың 6 деңгейдің 2 деңгейін, яғни «білу», «түсіну» деңгейлерін ғана меңгеруіне мүмкіндігі бар. Жаңа бағдарлама қалған 4 деңгейді - «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» деңгейлеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, оқушылар табысты оқу үшін мұғалімдер білім беру бағдарламасы, оқыту тәсілдері мен бағалау жүйесін өзара үйлестірудің жолдарын қарастырады. Бұл білім беру бағдарламасы мен бағалау моделі белгіленген деңгейде ғана емес, әр сыныпта, әр сабақта қолданылады.

Мұғалімдер өздерінің оқыту қызметі білім беру бағдарламасының іске асырылуына қолдау көрсететініне, ал бағалау тәсілдері оқушыларға қажетті ақпаратты жеткізуге және олардың жетістіктеріне қолдау көрсетуге көмектесетініне сенімді болуы керек. Оқушылар табысты оқуы үшін мұғалімдер бұл үш құраушы – білім беру бағдарламасы, оқыту тәсілдері мен бағалау жүйесін өзара үйлесімге басты назар аудару қажет [3; 4].

Жаңартылған оқу бағдарламасының негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Тілді меңгеру арқылы оқушылар алған білімдерін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді. Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру – қазақ тілін оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі.

Сонымен қатар, оқушылардың белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқудың белсенді әдіс-тәсілдері ұсынылған. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажетсінеді. Тіл үйретуде тиімді қолданылатын белсенді оқу стратегиялары:

- жаңа лексика мен идеяларды қоса алғанда, драмалық шығармалардағы бейнелер мен мәтіндерді зерделеу және бағалау;
- мәтіндерді бағалау және өзінің ойын білдіру үшін графикалық органиайзерлерді қолдану;

– мәтіннің сюжетін, құрылымын, лексикасын және сөйлемдердің құрылымын талқылау мақсатында әңгімені бірігіп оқу;

– ойлануды қажет ететін мәселелерді ортаға салу және талқылау (Aronson, E., & Bridgeman, D, 1979) [4; 21].

Мұғалімдер осы белсенді білім алу стратегияларын не үшін, қайда және қалай, қандай жағдайларда қолданылатыны туралы ойланып, тілдік дағдыларды үйрету барысында пайдалана алады.

Ал енді осы және басқа да оқу үдерісіндегі оқушының іс-әрекеті қалай бағаланады деген сауалға тоқталайық.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критериалды бағалау негізінде жүзеге асады. Бұл - оқушылардың жоспарланған оқу мақсаттары мен шынайы нәтижелерінің арасындағы сәйкестік деңгейлерін орнатады. Критериалды бағалау алдын-ала белгіленген критерийлерге сәйкес оқушының жеке оқуын түзеуге, дағдыларын дамыту деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үдерісі. Ең маңыздысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен жасақталып шығарылған, білім үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Оқушылардың оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуі оқушылардың дағдыларының дамуына мүмкіндік тудырады. Дағдыларды нақты бағалау біліктілігі жетістік критерийі арқылы бағалаудың маңызды аспектісі екені белгілі.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау – бұл оқушылардың жоспарланған оқу мақсаттары мен шынайы нәтижелерінің сәйкестік деңгейлерін орнату болып табылады. Жетістік критерийі арқылы бағалау – алдын ала белгілі критерийлерге сәйкес, оқушының жеке оқуын түзетуге мүмкіндік беретін, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау. Сол арқылы бағалау оқушылардың дағдыларын дамыту деңгейін бағалауға мүмкіндік береді және сабақ беру, бағалау мен оқытудың өзара байланыс қағидаттары негізінде дайындалады.

Оқу мақсаттары, тапсырмалар және жетістік критерийлері өзара тығыз байланыста болады. Жоспарлау оқу мақсаттарын анықтаудан басталады. Мұғалім оқушының игеретін білімі туралы шешім қабылдаған соң, оған сай тапсырманы оқу жоспарын қолдана отырып жоспарлайды. Тапсырма оқушының бір немесе бірнеше оқу мақсаттарына табысты түрде жетуіне ықпал етеді.

Оқу жылы бойында оқушылардың білім алудағы болашақ даму көрсеткіші және үлгерімі туралы деректерді жинау үшін критериалды бағалаудың 2 түрі жүргізіледі: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау оқушы іс-әрекетіне кері байланыс беру, іс-әрекетіне талдау жасау арқылы көрініс табады. Жиынтық бағалау өзара үш түрге бөлінеді: бөлім бойынша, тоқсандық, жылдық жиынтық бағалау [5; 4].

Сыныпта «білім алуды үйрету» білім ортасын құруда оқу үдерісінің тиімділігін анықтайтын негізгі факторларды ескеру қажет: балалардың білім алу үдерісін түсіну; нені оқу керектігін түсінуі; білім алу үдерісін қалай құрылымдау туралы ұғымның қалыптасуы; сонымен қатар оқу нәтижелілігін бағалау мүмкіндігін игеруі. Мұғалім әрбір сабақты жоспарлағанда оқыту мақсаттарын дұрыс құру керек деп ойлаймыз. Сабақта мұғалім өз мүддесін, мақсатын ғана белгілемей, оқушының оқудағы мақсатын ескергені жөн. Егер сыныптағы мұғалімнің оқытудағы



мақсаты мен оқушының оқудағы мақсаты бір нүктеге түйіспейтін болса, онда оқуда табысқа жету мүмкін емес.

Мұғалімнің тиімді жоспарлауда оқу мақсатын басты назарға алуы қажет. Оқу мақсаты – қалаған оқу нәтижесі. Ал күтілетін нәтижелер оқу мақсатына сәйкес келеді және мақсатқа жетудің маңызды «қадамдары» болып табылады.

Мақсаттарды анықтау кезінде «СМАРТ» техникасын қолдануға болады.

С – нақтылық, үдеріске қатысушылар оның неден құралатынын түсінуі тиіс.

М – өлшенушілік, үдеріске қатысушылар олардың мақсатқа жеткен, жетпегенін түсінуі тиіс.

А – қол жеткізушілік, үдеріске қатысушылар тиісті ресурстарды игеруі тиіс.

Р – шынайылық, нақты нәтижеге бағытталады.

Т – уақытпен белгіленген, әрбір мақсаттар үшін оған жетудің уақыттық өлшемі анықталуы тиіс.

Оқу мақсаттарын екі бағытта нақтылауды талап етеді:

1) оқушының оқу материалын меңгеру деңгейін бақылау.

2) әр оқушының дамуын қадағалау.

Мақсаттар оқу үдерісі нәтижесінде оқушының не жасай алатындығын көрсететін етістіктер арқылы сипатталуы керек. Оқу мақсаттарын бұлайша құрастыру оңай емес. Бұл мәселені мақсаттардың нақты жүйесін, Б.Блумның ұсынған педагогикалық таксономияларды құрастыруы арқылы шешім табады.

Осы орайда мұғалім оқу мен оқытуды жоспарлғанда және оқу мақсаттарын құрғанда оқушы тұлғасынан күтілетін нәтижелерді үнемі басты назарға алуға міндетті.

Сабақ жоспарының құрылымын келесідей құрылымдауға болады:

- | | | |
|------------------------------|---|----------|
| 1. Білімді өзектілендіру | } | үндеу |
| 2. Мақсатты тұжырымдау | | |
| 3. Жаңаны игеру | } | пайымдау |
| білімді қолдану | | |
| 4. Сабақты талдау/ рефлексия | | |

Алайда, сабақты түрлі формалармен және әдістермен тым толтырып жіберу оқыту мақсатына жеткізуге әкеле бермейді. Сабақта қолданылатын барлық тәсілдердің өзіндік мақсаттылығы болуы керек. Сабақтың әрбір кезеңінде өзінің нақты оқыту мақсаты болады. Осы орайда жаңартылған білім беру бағдарламасында келесі үш жоспар ұсынылған: ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді.

Ұзақ мерзімді жоспарда пән аясындағы оқу бөлімдері, оқу мақсаттары жүйесінде белгілі бір сыныпта оқушылар үйренеді деп күтілетін тақырыптар, мазмұн мен дағдылар сипатталған. Орта мерзімді жоспарда мұғалімге оқушылардың осы уақыт ішінде, яғни тақырып немесе оқу мазмұны арқылы байланыстырылған тізбектелген сабақтар топтамасы аясында қалыптастырып, дамытуы тиісті білім мен түсінік, дағдыларды толық қамтуға мүмкіндік береді. Бұл оқу бағдарламасынан алынған оқу мақсаттарына сәйкес келетін, сабақ кезінде қолдануға ұсынылатын бірқатар жаттығулар, қалыптастырушы бағалаулар қарастырылады. Қысқа мерзімді жоспарда бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсатына және оқу мақсаттарының оқушылардың білімділік деңгейіне байланысты сараланады. Яғни, оқу мақсаты, сабақ мақсаттары, тілдік мақсат. Оқу мақсаты, бұл – оқу бағдарламасында белгіленген

негізгі мақсат. Сабақ мақсаттары – оқушылардың барлығы, көпшілігі, кейбірі оқушылар орындай алады деп сараланады. Тілдік мақсат – нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология, сабақ соңында оқушылар нені меңгергеніне байланысты [6; 8].

Бұл жұмыстардың барлығы мынадай жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық): оқу, рөлдік, іскерлік ойындар, пікірталастар, шығармашылық жұмыстар, жағдаяттар арқылы үйрену. Біз оқытуды және оқуды, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интербелсенді» деп атаймыз. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу үдерісі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да аспектілерді, алған білімді қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді араласуына жағдайларды қарастыруы қажет. Осы ретте оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға септігін тигізетін жаттығулармен айналысуға мүмкіндік берілуі аса маңызды болып табылады.

Тиімді жоспарлауда мұғалім ескеруі қажет мәселелер: оқушыларға ұсынылатын білімге қолжетімділікті қамтамасыз ететін қажетті ресурстар және олардың көздері. Мұғалім өзінің келесі сабағына, оқу мен оқыту үдерісіне ресурстарды қолдана алады: аудио және бейне ресурстар, кестелер, перфокарталар, стратегиялар, кеңсе тауарлары, ақпараттық-коммуникациялық құралдар, таратпа материалдар т.б. Бұл аталған ресурстарды мұғалім жоспарлауда алдын ала дайындайды.

Білім беруде мұғалім оқыту мен оқудағы кедергілерді анықтап, оны азайтуға, болдырмауға бағытталған жағдайларды қарастыруы қажет. Мұғалімге арналған тәуекелдер: жоспарлау, оқыту, бағалау және баға. Ал оқушы үшін оқудағы кедергілер: көңіл-күйі, аффективтілігі, когнитивтілігі, әлеуметтік қарым-қатынас. Осы аталғандарды оқытуды жоспарлауда, оқытуда, рефлексия кезінде жан-жақты ойластырады. Мұғалім өзінің әрбір сабағынан кейін талдау арқылы келесі оқыту іс-әрекетінің міндеттерін белгілейді. Бұл жерде мұғалім рефлексиялаушы, ойлаушы қызметін атқаруы тиіс. Өзіне рефлексия жасау, іс-әрекеттен кейінгі ойлауы келесі сабақты тиімді жоспарлауға көмектеседі.

«Мақсатыңыз қолжетімсіз екеніне көзіңіз жеткен кезде мақсатыңызды емес, әдісіңізді ауыстырыңыз» - деген екен белгілі шығыс ойшылы. Олай болса, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілін оқытуда белгіленген міндеттер, іс-әрекеттер мұғалімдердің кәсіби дамуына негіз болмақ.

Бағдарламада көрсетілген қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты - оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту арқылы ана тілін қадірлейтін, оның қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тілдік нормаларды сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлеуге және сауатты жазуға үйрету. Осы мақсатты тәжірибе іске асыруда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстан өткен мұғалімдер келесі іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- оқу мен оқыту тәжірибесіне жаңартылған оқу бағдарламасын, оқу жоспарын, критериалды бағалау басшылығы құжаттарын басшылыққа алады;
- оқу мен оқытуда пәннің ерекшелігіне сәйкес педагогикалық тәсілдерді таңдайды, қолданады;
- оқушылардың тілдік дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) негізгі ала отырып, шиыршық қағидаты бойынша оқудың ілгерілеуін қамтамасыз етеді;
- оқу мен оқытуда белсенді оқу стратегияларын қолданады;
- критериалды бағалауды оқыту тәжірибесіне енгізуде жетістік критерийлерін, тапсырмалар, дескрипторлар құрастырады;
- тілдік дағдылар, оқу мақсаттары және жетістік критерийлерінің өзара тығыз байланыстылығын қамтамасыз етеді;

– ұзақ мерзімді, орта мерзімді жоспарлар негізінде өзінің қысқа мерзімді сабақ жоспарларын дайындайды;

Жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, мазмұнды, көркемдік деңгейі жоғары қазақ тілі пәнін оқытуда мұғалімдер оқыту тәжірибесіне кәсіби ұстанымдарына сәйкес міндеттерді іске асырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 2017 жыл 31 қаңтар – Электронный ресурс: <http://www.adilet.gov.kz/kk/news/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-kazakstannyn-ushinshi-zhangyruy>
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы – Электронный ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205>.
3. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. – 10-б.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. – 60-б.
5. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау. Мұғалімге арналған әдістемелік құрал. ҚР білім және ғылым министрлігі Ұ. Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академия. «НЗМ» ДББҰ, 2017. – 49-б.
6. Тиімді жоспарлау. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана 2015.

М.Б.СУЛЕЙМЕНОВ

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ УЧИТЕЛЕЙ ЯЗЫКОВЫХ ПРЕДМЕТОВ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассматриваются пути совершенствования педагогической практики учителей через реализацию принципов обновленного содержания образования, а именно взаимосвязь трех компонентов эффективного обучения: учебная программа, методика преподавания и оценивание учебных достижений учащихся. Отдельно автор уделяет внимание вопросам развития функциональной грамотности учащихся на уроках казахского языка и литературы. Автором предлагаются пути развития профессионального роста учителя через различные формы деятельности.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: учебная программа, функциональная грамотность, компетентностный подход, профессиональное развитие, методика преподавания.

M.B. Suleimenov

PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF TEACHERS OF LANGUAGE OBJECTS IN THE CONDITIONS OF UPDATE OF THE CONTENT OF SECONDARY EDUCATION

The article examines ways to improve the pedagogical practice of teachers through the implementation of the principles of the updated content of education, namely the interrelationship of the three components of effective learning: the curriculum, the teaching methodology and the evaluation of students' learning achievements. Separately, the author pays attention to the development of functional literacy of students in Kazakh language and literature classes. The author suggests ways to develop the professional growth of the teacher through various forms of activity.

KEYWORDS: curriculum, functional literacy, competence approach, professional development, teaching methods.



Philippa Burrows	CLIL British Council Jordan тренері (Амман қ., Иордания)
Адыханова Анара Сериковна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Аншакова Виктория Владимировна	«Әлеуметтік қайта қалпына келтіруді дамыту ғылыми-практикалық Орталығы» РМҚМ филиалының психологы
Жетписбаева Мейрамгуль Асылбековна	ф.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ директорының оқу-әдістемелік жұмыс бойынша орынбасары
Ибрагимова Гульнар Каиржановна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Басқару және білім сапасы» кафедрасының меңгерушісі, Е.А.Бөкетов ат.ҚарМУ докторанты, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Каменкова Наталья Владимировна	Челябинск білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының «Қосымша жалпы білім беретін бағдарламаларды іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру және үйлестіруді әдістемелік қамтамасыз ету Аймақтық ресурстық орталығы» меңгерушісі, Челябинск қ., Ресей Федерациясы
Кантарбаева Жанар Ерденовна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Кинева Екатерина Леонидовна	Челябинск білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының «Қосымша білім беру Ресурстық орталығы балаларға қосымша білім берудің технологиясы және ғылыми-әдістемелік қолдау» зертханасының меңгерушісі, Челябинск қ., Ресей Федерациясы
Кисляков Алексей Вячеславович	п.ғ.к., Челябинск білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының «Тәрбие және қосымша білім беру» кафедрасының меңгерушісі, Челябинск қ., Ресей Федерациясы
Котвицкая Елена Иосифовна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Куанышбекова Гульнар Еркековна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Кушнир Марина Петровна	п.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру» кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Майбасова Умит Амандыковна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Муканова Саулеш Димкешевна	п.ғ.д., «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ директоры
Мырзахметова Асель Жанатовна	т.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Басқару және білім сапасы» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Найзабек Оразкул Тойшықызы	««Өрлеу» БАҰО» АҚФ Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ПҚБАИ «Басқару және білім беру сапасы» кафедрасының аға оқытушысы, ЖББ тренері, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
Оразбаева Айгуль Казезовна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Шығыс Қазақстан облысы бойынша ПҚБАИ «Ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі мен инновациялық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, ЖББ тренері, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы
Саттибаева Рая Мажитовна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Басқару және білім сапасы» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Сейтова Наталья Юрьевна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ мониторинг және талдау бөлімінің басшысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Солнцева- Накова Екатерина Василиевна	Әулие Климент Охридский ат. София университеті славян филологиясы факультетінің Жалпы славян тіл білімі кафедрасының редактор докторанты, София, Болгария
Сулейменов Муратбек Балтинович	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Ташетова Салтанат Садыковна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Басқару және білім сапасы» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Филинова Наталья Анатольевна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Шадетова Алтынгүл Кенесовна	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ «Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Щербаков Андрей Викторович	п.ғ.к., Челябинск білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының «Тәрбие және қосымша білім беру» кафедрасының доценті, Челябинск қ., Ресей Федерациясы

Philippa Burrows	тренер CLIL British Council Jordan (г. Амман, Иордания)
Адыханова Анара Сериковна	старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Аншакова Виктория Владимировна	психолог филиала РГКП «Научно-практический Центр Развития Социальной Реабилитации»
Жетписбаева Мейрамгуль Асылбековна	к.филол.н., заместитель директора по УМР филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Ибрагимова Гульнар Каиржановна	заведующая кафедрой «Управление и качество образования» филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области, докторант КарГУ им.Е.А.Букетова
Каменкова Наталья Владимировна	заведующий Региональным ресурсным центром методического обеспечения деятельности по реализации дополнительных общеобразовательных программ, организации дополнительного профессионального образования и координации деятельности образовательных организаций, реализующих дополнительные общеобразовательные программы Челябинского института переподготовки и повышения квалификации работников образования, г. Челябинск, Российская Федерация
Кантарбаева Жанар Ерденовна	тренер Центра уровневых программ филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Кинева Екатерина Леонидовна	заведующий лабораторией научно-методического сопровождения и технологий дополнительного образования детей Ресурсного центра дополнительного образования Челябинского института переподготовки и повышения квалификации работников образования, г. Челябинск, Российская Федерация
Кисляков Алексей Вячеславович	к.п.н., заведующий кафедрой воспитания и дополнительного образования, доцент Челябинского института переподготовки и повышения квалификации работников образования, г. Челябинск, Российская Федерация
Котвицкая Елена Иосифовна	старший преподаватель кафедры дошкольного воспитания и начального обучения филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Куанышбекова Гульнар Ермаковна	старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Кушнир Марина Петровна	к.п.н., заведующая кафедрой дошкольного воспитания и начального обучения филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области

Майбасова Умит Амандыковна	старший преподаватель кафедры дошкольного воспитания и начального обучения филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Муканова Саулеш Димкешевна	д.п.н., директор филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Мырзахметова Асель Жанатовна	к.и.н., старший преподаватель кафедры управления и качества образования филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Найзабек Оразкул Тойшыкызы	старший преподаватель кафедры УиКО, тренер ООД ФАО «НЦПК «Өрлеу» по Южно-Казахстанской области, г.Шымкент, Республика Казахстан
Оразбаева Айгуль Казезовна	старший преподаватель кафедры «Инновационных технологий и методики преподавания естественно-научных и гуманитарных дисциплин», тренер ООД ФАО «НЦПК «Өрлеу» по Восточно-Казахстанской области, г.Өскемен, Республика Казахстан
Саттибаева Рая Мажитовна	старший преподаватель кафедры управления и качества образования филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Сейтова Наталья Юрьевна	Начальник отдела мониторинга и анализа филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Солнцева- Накова Екатерина Василиевна	редактор докторант кафедры Общего славянского языкознания факультета славянских филологий Софийского университета им.Св. Климента Охридского, г. София, Болгария
Сулейменов Муратбек Балтинович	старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Ташетова Салтанат Садыковна	старший преподаватель кафедры управления и качества образования филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Филинова Наталья Анатольевна	начальник отдела информационных технологий филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Шадетова Алтынгүль Кенесовна	старший преподаватель кафедры дошкольного воспитания и начального обучения филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Щербаков Андрей Викторович	к.п.н., доцент кафедры воспитания и дополнительного образования Челябинского института переподготовки и повышения квалификации работников образования, г. Челябинск, Российская Федерация